

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2025 жылы 27 маусымдағы №01-06/766 санды хаты негізінде


Медиакоммуникация және журналистика академиясының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 4- бабына және 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңына сәйкес, білім алушылар мен олардың отбасылары арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу мақсатында республикалық деңгейде «**Мәртебелі оқушы – мерейлі отбасы**» атты энциклопедиялық жобаны онлайн форматта өтетіндігін хабарлайды.

Жоба Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының идеясын жалғастыра отырып, отбасылық тәрбие мен білім саласындағы үздіктерді анықтауға, дарынды оқушылардың шығармашылығы мен үлгілі отбасылардың тәжірибесін кеңінен насихаттауға бағытталған. Энциклопедияға республиканың мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, арнайы және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары және олардың отбасылары қатыса алады.

Қатысу тегін. Жобаға енгізілген үздік материалдар арнайы басылым түрінде жарық көріп, Ұлттық академиялық кітапхана мен Ұлттық кітапхана қорына жолданатынын хабарлайды.

Қосымша: 6 парақта

Басшының м.а



Б. Самылтыров

Орындаған: Г. Абдиева
Тел: 87474736727



050027 г. Алматы, Наурызбай р-н, мкр. Ақжап,
ПКСТ Малинка №9Бабаяева №3,
Тел.: +7771 157 13 11
e-mail: media_academy@mail.ru

050027 Алматы қ-сы, Наурызбай ауд-ы, Ақжап
Ы-а, БСТК Малинка №9
Тел.: +7771 157 13 11
e-mail: media_academy@mail.ru

ШЫҒЫС ХАТ № 02-08/003
25 маусым 2025 жыл

**Облыстардың, Астана, Алматы
және Шымкент қалаларының
білім басқармаларына,
Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің
басшыларына**


Академия әкімшілігі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 4-бабына және 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңына сәйкес, білім алушылар мен олардың отбасылары арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды дәрінтеу мақсатында республикалық деңгейде «Мәрежелі оқушы – мерейлі отбасы» атты энциклопедиялық жобаны қашықтан форматта өткізуді жоспарлап отыр.

Жоба Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының идеясын жалғастыра отырып, отбасылық тәрбие мен білім саласындағы үдіктерді анықтауға, дарынды оқушылардың шығармашылығы мен үлгілі отбасылардың тәжірибесін кеңінен насихаттауға бағытталған.

Энциклопедияға республиканың мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, арнайы және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары және олардың отбасылары қатыса алады.

Қатысу тегін. Жобата енгізілген үдік материалдар арнайы басылым түрінде жарық көріп, Ұлттық академиялық кітапхана мен Ұлттық кітапхана қорына жолданады.

Өтініштер 2025 жылғы 10 тамызға дейін (қоса есептенде) қабылданады. Осыған орай, ақпараттық хатты қарамарғындыздары білім беру ұйымдарының басшыларына уақтылы жеткізулеріңізді және олардың атынан жобада белсенді түрде қатысуына ықпал етулеріңізді сұраймыз.



А.С. Шүніншали

Тел.: +7 705 231 2093 (WhatsApp)

«МӘРТЕБЕЛІ ОҚУШЫ – МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»
Республикалық дарынды оқушылар мен отбасылық құндылықтар
энциклопедиясының ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, арнайы және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары мен олардың отбасылары арасында өткізілетін «Мәртебелі оқушы – мерейлі отбасы» республикалық энциклопедиялық жобасының мақсатын, міндеттерін және ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Мақсаты – Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкімімен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауын қолдай отырып, отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, дарынды оқушылар мен тәрбиелі отбасылардың жетістіктерін кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік тәрбие мен отансүйгіштік сезімді қалыптастыру.

1.3. Міндеттері:

– Отбасылық тәрбиенің маңыздылығын көрсету және үлгілі ата-аналарды көпшілікке таныту;

– Дарынды оқушылардың шығармашылық жетістіктерін республика көлемінде тарату;

– Білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуына жағдай жасау;

– Отбасы мен білім беру ұйымдарының өзара байланысын нығайту;

– Балалар мен ата-аналар арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты арттыру;

– Қазақстан қоғамындағы бірлік пен ұлттық келісімді нығайту.

1.4. Жобаны «Ақпарат, медиакоммуникация және журналистика академиясы» мекемесі ұйымдастырады.

1.5. Жоба ұйымдастырушылары конкурстық комиссия мен редакциялық алқа құрамын қалыптастырады. Конкурстық комиссия үміткерлердің материалдарын іріктеу, бағалау, талдау және жариялауға жолдама беру жұмыстарын атқарады.

1.6. Ұйымдастырушы қатысушыларды тіркеуді, жұмыстарды сараптауды, қорытынды шығаруды, марапаттауды жүзеге асырады. Конкурстық комиссияның шешімі қайта қарауға жатпайды.

1.7. Іріктеуге жіберілген материалдар кері қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар қатысушылардың материалдарын авторды көрсете отырып, әлеуметтік желілерде жариялауға құқылы.

1.8. Өтініште келіп түскен мәліметтердің дұрыстығына мәліметті жіберуші тарап жауапты.

II. Іріктеуді өткізу мерзімі мен тәртібі. Қатысушыларға қойылатын талаптар

2.1. Аталған жобаға меншік нысанына қарамастан кез келген білім беру ұйымдарындағы (мектепте дейінгі, бастауыш, негізгі және жалпы, кәсіптік және техникалық, қосымша, арнайы және инклюзивті білім беру) **білім алушылар мен жанұялары** өтінім білдіре алады. Бір ұйымнан ұсынылатын қатысушылар санына шектеу қойылмайды.

2.2. Іріктеуге қатысу үшін **2025 жылғы 30 маусым – 2025 жылдың 10 тамыз аралығында өтініштер қабылданады.**

2.3. Іріктеуге қатысу үшін әр қатысушы **2025 жылғы 10 тамызға дейін** (қабылдаудың соңғы күні 10 тамыз) **media_academy@mail.ru** электронды поштасына қажетті құжаттарды (бірге) жіберу қажет.

2.4. Талап етілетін құжаттар:

1. Өтініш (қатысушының (ата-ананың біреуі) қолы қойылып жолданады); (1-қосымшада);

2. Тіркелу формасы (анкета). Электронды түрде жолданады. (2-қосымшада);

3. Қатысушылар туралы мәлімет. (3-қосымшадағы үлгі бойынша толтырылады). Мәліметтер Microsoft Office Word форматында, қаріп түрі Times New Roman × 12, 3 беттен аспауы тиіс;

4. Отбасы мүшелерінің 3-5 дана сапалы фотосуреті (электронды түрде); (сурет жоғары сапада болуы керек, сканерленген суреттер қабылданбайды).

2.5. Мәліметтер қазақ және/немесе орыс тілінде қабылданады.

2.6. Мәліметтер көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген және құжаттар толық болмаған жағдайда тіркелмейді және конкурстық комиссияның қарауына ұсынылмайды.

2.7. Байқауға ұсынылатын жұмыстар бұрын еш жерде жарияланбаған, тек қатысушының жеке шығармашылық еңбегі болуы тиіс. Үшінші тұлғалардың материалдарын немесе интернет желісінен алынған деректерді пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Сонымен қатар, жасанды интеллект арқылы дайындалған немесе генерацияланған жұмыстар байқауға қабылданбайды. Тек автордың өзіндік идеясы мен еңбегі ескеріліп, бағаланады.

2.8. Құжаттар толық жіберілгеннен кейін WhatsApp арқылы ұйымдастырушыларға келесі мәліметтерді қосымша хабарлайды: *аты-жөні, лауазымы, мәліметті жолдаған электронды пошта адресі.*

2.9. Байланыс телефоны: +7 705 231 2093 (WhatsApp).

III. Қорытындылау және үздіктерді марапаттау тәртібі

3.1. Жоба қорытындылары 2025 жылғы 25 тамызда жарияланады. Жеңімпаздардың дипломдары мен қатысушылардың сертификаттары Google Диск платформасына орналастырылады. Барлық қатысушыларға арнайы WhatsApp чаты ашылады және сілтеме сол чат арқылы жолданады. Қатысушылар марапаттарын сілтеме арқылы жеке-жеке жүктей алады.

3.2. Энциклопедиялық жобаға қатысу, мәліметтерді енгізу және жариялау ақысыз негізде, конкурстық комиссияның мақұлдауынан кейін жүзеге асырылады.

3.3. Барлық марапат құжаттары (диплом, сертификат, алғыс хаттар) электронды түрде қатысушының жеке поштасына немесе жеке чатқа жолданады.

IV. Қорытынды ережелер

4.1. Ұйымдастырушы Байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқылы. Ұйымдастырушылар қатысушыларды Байқаудың қорытындыларын орналастыру мерзімінің өзгеруі туралы хабардар етеді.

4.2. Ұйымдастырушылар марапаттау ережелеріне өзгеріс енгізуге құқылы.

4.3. Энциклопедияның баспа нұсқасы Ұлттық академиялық кітапханаға және Ұлттық кітапханаға тегін таратылады. Бұл басылымның ресми мәртебесін айқындайтын көрсеткіш болып табылады. Сонымен қатар, энциклопедияның жеке данасын сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Қатысушылар мен мүдделі тұлғалар басылым туралы толық ақпаратты институт әкімшілігіне немесе ресми баспа серіктесіне хабарласу арқылы ала алады.

Сонымен қатар, энциклопедия жобасының жеңімпаздарына арналған қоғамдық марапат ретіндегі арнайы естелік төсбелгілер қарастырылған. Бұл төсбелгілер Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 Заңына сәйкес, еңбегімен ерекшеленген тұлғаларға табысталады.

Марапат жеңімпаздың кәсіби және қоғамдық қызметіне көрсетілген құрметтің белгісі болып табылады және еңбек адамының мәртебесін көтеру, оның қоғамдағы танымалдылығын арттыру мақсатында беріледі. Төсбелгі алу жөнінде қалауы бар жеңімпаздар қосымша өтініш білдіру арқылы осы марапатқа ие бола алады.

4.4. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес үміткер өзіне қатысты жеке деректерді

өңдеуге және қолдануға сондай-ақ іріктеуден өткен жағдайда ережеге сәйкес мәліметтердің кітапқа жариялануына келісім берген болып саналады.

Қатысушыларға арналған байланыс арнасы (QR-код)

Осы QR-код арқылы қатысушылар жобаның ресми чатына қосылып, хабарламалар ала алады, ұйымдастырушылардан кеңес алып, нәтижелердің жариялануын бақылап отыра алады.



1-қосымша

«Мәртебелі оқушы – мерейлі отбасы»
дарынды оқушылар мен отбасылық құндылықтарға арналған
республикалық энциклопедиясының
ұйымдастыру комитетіне

ӨТІНІШ

«Мәртебелі оқушы – мерейлі отбасы»
республикалық энциклопедиясына қатысу туралы

Мен, _____,
(Ата-ананың немесе заңды өкілдің ТАӘ толық көрсетіледі)

Тұрғылықты мекенжайым:

біздің отбасымыздың **«Мәртебелі оқушы – мерейлі отбасы»** республикалық энциклопедиясына қатысуға ниетті екенін растаймын.

Жобаның ережелерімен толық таныстым. Энциклопедияның баспа және электрондық нұсқаларында ұсынылған материалдарды (соның ішінде фотосуреттер мен қысқаша ақпаратты) жариялауға келісімді беремін. Отбасымыз туралы ұсынылған барлық ақпарат шынайы әрі отбасы мүшелерінің келісімімен берілді. Отбасымыздың кандидатурасын қарастырып, жобаға қатысушылар қатарына қосуды сұраймын.

Қолы: _____

ТАӘ (толық): _____

Күні: «__» _____ 2025 жыл

Байланыс телефоны: _____

Электронды пошта (болса): _____

